

# Жаңалыққа бастаған бағдарлама

Президент «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында білім саласына байланысты «Орта білім беру жүйесіндегі мектептерді Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек» деп атап көрсеткен.



*Динара ҚАЗЫМОВА,  
А.Макаренко ат. ОМ  
бастауыш сынып мұғалімі  
Арқалық қаласы*

Міне, Елбасының Жолдауы қазіргі таңда жүзеге асырылып, білім саласында үлкен өзгерістер болып жатыр. Өткен оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бой-

ынша жанартылған білім мазмұны бірінші сыныптан бастап енгізілді. Бүгінде менің көптеген әріптестерім мақсаты сапаға бағытталған жаңа бағдарламамен оқушыларға білім беруде.

Өзім де білім беру жүйесіндегі өзгерістермен етене танысып, кәсіби шеберлігімді шыңдау мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Тілдерді дамыту, біліктілікті арттыру және сапа менеджменті жүйесі» бөлімінің ұйымдастыруымен «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, магистр Қ. Темирханованың өткізген «Бастауыш оқу пәндерін жанартылған білім беру

бағдарламасы аясында ұйымдастырудың тиімді жолдары» тақырыбындағы бір айлық біліктілікті арттыру курсының тыңдаушысы болдым.

Аталған тақырып бойынша бастауыш оқу пәндерінің оқу бағдарламаларының мақсаты мен міндеттері және мазмұнымен оқу жоспарларының түрлері және оқушылар бағалау ерекшеліктерімен көптеген оқу стратегияларымен таныстым. Сонымен қатар, үйренген жаңа тәсілдерімізді тәжірибемізде қолданудың жолдарын ұғындық.

Институт қабырғасынан алған білімімнің негізінде, алдағы уақытта жаңа бағдарламамен жұмыс жасау мен үшін аса қиындық туғызбайды деп ойлаймын. Күнделікті сабағымды жаңаша әдіс-тәсілдермен тәжірибелендіріп өткізіп, жаңалықтарды балалардың сапалына жеткізе білсем, үлгі тімнің ақталғандығы деген есептеймін.